

## Тұлғатану / Personalistics / Персоналистика

FTAP 16.01.21

Ғылыми мақала

**А.А. Туймебекова***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*  
(E-mail: [atiyumebekova@mail.ru](mailto:atiyumebekova@mail.ru))**Абай мен Бауыржан: ұлттық болмыстың екі қыры – ойшылдық пен батырлық**

**Аңдатпа.** Қазақ руханиятының шамшырағында бірі жарқырап сәуле шашса, екіншісі сол сәуледен тараған тұлғалар – Абай мен Б.Момышұлы арасындағы сабақтастық қарастырылды. Қазақ әлемінің сыни ойлау дүниесінен орын алған азаматтар әлемді тану тұрғысынан ұлтының тілдік тұлғалары деп танылды. Абай XIX ғасырға дейінгі қазақтың дүниетанымына талғаммен сыни баға берді. Б.Момышұлы Абайдан басталған сыни пікірлерді ұлттық тұрғыда қарастырды. Абай таныған қазақ мінезі мен болмысына сын тұрғысынан қараған. Оның ойлары Абайдың мінезді түзеу, әділетке бас ию, адамзатты сүю ойларымен үндеседі.

XX ғасырда дүлей соғысты көзімен көріп, санасынан өткізген Батыр бағалаушылық, әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудағы Абай арқылы өрістеген сөздердің метафоралық, экспрессивтік, образдық мәнін тұтастырушы тілдік тұлға деп сараланды.

Абай ілімі адамгершілік пен ізгіліктің бастауы, адамның ісі мен әрекетіне баға берушілік, адамның орны туралы көзқарастары кезінде Алаш азаматтарын да қызықтырып, білім мен ғылымның әр саласына зерттеу бастатқан. Б.Момышұлы да соғыста адам мен оның өмірі, қазақ елінің болашағы туралы елге хат жазып, мемлекеттің тәуелсіздігі үшін жеке құрамда әскер жабдықтау ойы болған. Осы идеяның туындауына өз елінің биліктегі азаматтарының қарсы шығуы соғыстан соң Батырдың бейбіт өмірде қарсылық көрсетуі оның шығармашылығы арқылы жүзеге асты. Алаш азаматтарының мемлекеттің іргесінің беріктігіне жеке құрамда әскері болуы қажет деген идеясын көтеру үшін жастар тәрбиесіне қатысты ойын заманының қатал қиырларына қарамастан айтты. Жастарды батырлыққа, елін қорғауға тәрбиелеуге шақырды. Соғыста өзі де командир ретінде әрбір жауынгердің өміріне жауап беретіндігін ар-намыс, парыз бен борыш тұрғысынан дәлелдеді. Осыдан барып халқымыздың талай ғасырлар бойы ту еткен «батырлық» концепті жанданды. Абай таныған адамның баға жетпес байлық екендігін білді. Соғыстағы жеке адамның батырлық қасиеттерін зерделеді. Қазақтың қара сөзінен ойлы, шайырлы даналыққа жетелер шығармашылық әлемін жасады.

**Түйін сөздер:** тұлға, көзқарас, адам, батырлық, ізгілік, әділет, мемлекет, әскер

DOI: <https://doi.org/10.71078/5t6cyk50>

Түсті: 10.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

**Кіріспе**

Қазақ әлемінің көгінде жарқыраған екі жұлдыз бар. Бірі сөз құдіретінің падишасы болса, екіншісі бабалардан жалғасып келе жатқан ұлтымыз бен жеріміздің ар-намысын ту еткен батырлықтың жалғасы.

Қазақ халқының шығармашылық арнасында тұлға тақырыбында зерттеулер баршылық. Әрине бүгінгі зерттеуімізде тұлғалардың екі дәуірде бірдей ой қорытуы, ол ойының тоғысар шегі – ұрпақтың тұлға өресінде қалыптасуына арналуы мақаланың

өзектілігін аша түседі. Абай мен Бауыржан қазақ әлемінің көгінде шамшырақ болып жанып, ұрпағына адастырмас сәуле қалдырды. Абайдың Алланың адамды махаббатпен жаратып, адамның Алланы сүюге бағытталған көкірегі ояу, шыншыл, ізгілік пен адамгершілікке толы жүрегімен, әсіресе әділетті сүйген жүрегімен кемелденіп толық адамға айналатынын, ондай адамнан еш жаманшылық шықпайтынын нұсқау етуін есітіп, біліп, жаттап өскен Бауыржан әділетті ту етіп, шыншылдықты қару етіп, адамзатты бауыр етіндей көргендігін барлығымыз білеміз. Абай заманы мен Бауыржан заманын салыстыруға келмейді. Бірақ заман өзгергенмен адам өзгермейді. Адам бойындағы сатқындық, жалқаулық, еріншектік сияқты әрекеттер барлық кезеңде болды. Абай дүниетанымы әр кезеңде зерттелді, әлі де зерттеуді қажет етеді. Ал Б. Момышұлының шығармашылық әлемі туралы зерттеулер әдеби, педагогикалық тұрғыдан қарастырылғанымен тілдік тұрғыдан қарастырылуы өте аз десек те болады. Ғалым С. Есімқұлова Б. Момышұлының шығармашылығындағы тілдік қолданыстар, мақал-мәтелдердің қолданылуындағы ұлттық нақыштарды алып, тілдік тұлғаның қалыптасуындағы ұлттық құндылықтар мен әскери-патриоттық көзқарастарына тоқталады. Біз бұл зерттеуімізде Абай мен Бауыржанның ел мен жер иесі болатын тұлға туралы ой толғаныстарына тоқталмақпыз.

### **Зерттеу әдістемесі**

Мақалада салыстырмалы талдау әдісі арқылы Абай мен Бауыржанның тұлға жайындағы ойлары салыстырылып, тарихи тұлғалардың көзқарастарын саралау, мәтіндік мысалдар арқылы дәлелдеу қарастырылды. Мәтінталдау әдісі бойынша Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінен, Бауыржанның шығармаларынан болашақ тұлғаны қалыптастыруға қажет алғышарттар ізделінді. Философиялық және тарихи - контекстуалды талдау бойынша Абайдың отаршылдық заманындағы қиыннан жол табар ақыл-ойлары, Бауыржанның кеңестік тар замандағы рухани шығармашылыққа бет бұруы, Алаш азаматтары бастаған ар ісін жалғастыруы, қарсылық ретінде қайсар мінезін көрсетуі, жастарға патриоттық тәрбие беру маңыздылығын түсіндіруі көрінеді. Авторлық көзқарас тұрғысынан екі тұлғаның ойларына жаңаша көзқараспен баға беру, бағалаудан тұратын интерпретациялық әдіспен қорытылады.

### **Тақырыптың зерттелу дәрежесі**

Абай түзеймін деген заманның келбетін, ақын өлеңдерінен астарлы сипат іздеген зерттеушілер өте көп. Дегенмен Абайдың тұлға мәселесінде қозғаған ойынан дерек іздеген ғалымдар оның заман ағысына қарай орыс тілін меңгеру қажет деп тапқандығын, сонымен қатар ел билеу саясатында әділдік пен қазақ елінің болашағы мәселесі сөз болған. Зерттеушілер тарих қатпарынан Абай заманындағы патша өкіметінің қым-қуыт саясатынан бүгінгі күннің бейнесін іздейді. Тіл саясатының әлі күнге өгейсіп жүруінің басы сол заманнан басталатынын көреміз. Б. Байғалиев, М. Қойгелдиев, А. Сейдімбеков зерттеулерінен тұлғаны дамытудағы тіл мәселесінің жағдайын байқаймыз. Бауыржан Момышұлы туралы зерттеулер өте аз. Тілдік тақырыпта зерттеулер де аз. Зерттеуші С. Есімқұлова тілдік тұлғаны анықтаудағы мақаласында Б. Момышұлының тілдік тұлғасына соғыстағы ерлігі арқылы халқының намысын көрсеткендігін зерттейді. Соғыс әлемі ерекше әлем екендігін Бұзаубағарова, Омарова, ал Б. Момынкұл шығармашылық тұлғаның өмірлік кредосы отбасынан басталатынын айтқан. Скопус базасынан А. Қажымұрат және т.б. еңбегінен Алаш зерттеушілерінің Абайды қазақтың ұлттық кодынан қарастырды. Р. Қасенова және т.б. Абай поэзиясындағы метафоралардың қызметіне тоқталды. К. Оралбекова және т.б. Абай таныған толық адам туралы зерттейді. Сондай-ақ осы зерттеуді жүргізуге Б. Момышұлының әр жылдары айтқан ойлары алынды.

## Нәтижелер мен талқылаулар

Қоғам дамуы мен тілдің дамуы, тіл қолданушылардың қарым-қатынастық қабілеті, прагматикасы да, адресаты да өзгерері анық. Бірақ екі тұлғаның да адресаты – өскелең ұрпақтың жайын түсіндіруге бағытталады. “Ел боламын десең, бесігіңді түзе” – деп М. Әуезов айтып өткендей, келешек елдің тағдыры не болады? деген сұраудан шыққан Абай мен Бауыржанның ұрпақты тұлға дәрежесінде қалыптастыру үшін тәрбиесіне көңіл бөлуінен бастағымыз келеді. Абай халқы үшін соққы да жеді, у ішкендей халде де болды. Ал Бауыржан кезеңнің әділетсіздігімен күресті. Көзге ұрғандай болып тұрған олқылықтарды айтпай өтпеді. Заманына сыни көзбен қарады. “Заманың тұлкі болса, тазы болып шал” деген мақалдың оң мен солын таныды. Айнала мансап көздеген, рухани жүдеген тоғышар адамдардан жалықты. Қайтсем, халқым алға басады, тасы өрге домалар ма екен? – деп шарқ ұрды. Сонау соғыста жүріп, Отан, азаматтық борыш, ар, намысты ту етіп көтеріп, абырой мен ұят үшін күресті. Абай насихаттаған ар ілімін ұмытпады. Зерттеуші С. Есімқұлова Б. Момышұлының сөз саптауына көркем шығармасынан мысалдар келтіреді. Оның сөз саптауынан салыстырулар, психологиялық логика табады (Есімқұлова, 2022). Біздің ойымызша, жазушының санасының саңылауынан сүзілген әрбір сөзде жеке адамның мінезі, ұлттық коды жатыр. Мысалы, *Өтіріктің қанатын қомдағанша, ауыртпалықтың жүгінен бүгілген артық* (Момышұлы, 2010: 6)

Б. Момышұлының екінші дүниежүзілік соғыстағы ерлігі арқылы оның тілдік тұлғасы анықталды. Ол ерлігі арқылы халқының намысын асқақтатты (Есімқұлова, 2022). Соғыс әлемі – ерекше әлем екендігін, онда адамдар ерекше “код” арқылы қарым-қатынастың ерекше түрінде диалог құрады (Бұзаубағарова, Омарова, 2014). «Мен неліктен соғыс жөнінде жазып жүрмін? Өйткені, соғыс – адам өміріндегі ең бір дүр сілкіндірерлік, жан түршігерлік оқиға» – дейді Б. Момышұлы өзінің Қазақстанға келіп ұлттық интеллигенция алдында сөз сөйлеуінде (Момышұлы, 2010).

Ғалым С. Есімқұлова Б. Момышұлы тілдік тұлға ретінде лингвокогнитивті және прагматикалық деңгейі соғыс жылдарында идеологиялық фактор мен патриотизм негізінде қалыптасқандығын айтады (Есімқұлова, 2022). Әрине тілдік тұлғаның қалыптасуына отбасынан алған тәрбие негізінде ұштасқан қабілет пен дарындылық та, жеке адамға тән өсу де қажет сияқты. Сол өсу соғыста шыңдала түсті. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай, соғыс адам мінезін шыңдайтын да, санасын дүр сілкіндіретін де оқиға. Тұлға қалыптастыруда Абай мен Бауыржан ойлары бір арада тоғысады, себебі екеуі де халықтық танымы мен ділі бір ортада өсті. Қазақ халқының ұлттық ділінде ұрпақ өсіру, ел мен жерге ие болу, батырлығын шындау, ар мен намысқа ие болу сияқты әрекеттер елеусіз қалмаған. Әрине тұлға қалыптасуында отбасының рөлі ерекше. Абайды әкесі 13 жасында ел басқаруға икемдесе, оқуын жалғастыруына қарсы болмаған. Тұлғалық қалыптасуына жағдай жасаған. Б. Момышұлының вербальды-семантикалық тілдік тұлғасының қалыптасуына ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік мәдени талаптар әсер етті (Есімқұлова, 2022). Зерттеуші Б. Момышұлының айтуынша, Б. Момышұлының шыншыл болуына әкесі көп әсер етті. Бауыржан мектепте оқыған тұс ауыл балаларының қай таптан шыққандығын тексерумен сәйкес келген, туысы бай болса, оны мектептен қуатын болған. Бауыржанның да ортан қолды тұрмыстары бар, соны әкесінен жасырып қалауын өтінгенде, әкесі – Ешқашан өтірік айтпауды, егер өтірік айтатын болса, ренжитінін айтқан. Содан бастап Бауыржан өтірікке жаны қас. (Момышұлы, 2024).

Ақындық өнерінің шырқау кезінде Абай да 1889 жылы «Сәулең болса кеудеңде...» өлеңі жазылғанда жасы қырық төртте екен. Он үшке толғанында әкесі Құнанбайдың шешімімен Семей қаласындағы оқуын орта жолдан доғарып, елге оралады. Содан бастап ел ішінде беделді әке болашағына үлкен тұлға қалыптастыруда сенім артқан ұлын қасында алып жүріп, қоғамдық қызметтің қыр сырына қанықтырады. Сөйтіп жиырма үшінде Абай болыстық қызметке келеді. Болыстықты табан аудармастан он екі

жыл қатарынан жүргізіп, одан кейінгі қызмет жолы би лауазымында жалғасын табады. Тіпті соңыра Семей қаласындағы статистикалық мекеменің қызметкері ретінде Абайға өкіметтен арнайы жалақы берілгендігін растайтын ресми деректер архивтен табылған. Осы мәселелердің барлығын анықтап ғылыми айналымға ендірген архивтанушы-ғалым Б. Бейсенбиев: «Отаршыл патша өкіметінің заң-ережелері белгілеп берген шектеулі ғана билік аясында болыс, би болып қызмет атқарған Абай бұл мансаптың қиыншылығы мен азабын көп тартты. Бірақ өскен ортасының дәстүрі, ағайын-жақынның мүддесі, оны бұл қызметтерге еріксіз жетіп, әурешілігіне көндірді. Ұлы ақын саналы өмірінің 18 жылын ресми осы қызметтерге арнап, оның 12 жылында болыс, 6 жылында би болып ғұмырын әр қилы айтыс-тартысқа толы оқиғалар үстінде өткізді» (Байғалиев, 1997: 28) деп жазады. Осы аталған лауазымды қызметтер барысында Абай сол тұстағы қоғамдық ортаның «белді-белсенділерінің» қатарынан табылды.

Сырт көзге Абай өз ұлты, өзі өмір сүріп отырған қоғамдық ортаның «белсенді» топ өкілдерінің мешел мінез, жағымсыз жақтарын өткір тіл, ащы сарказммен сынап мінегендей болып көрінеді. Алайда оның шығармаларының контекстік желісіндегі логикалық ой ағысын, ондағы астарлы мән-мағынаны Шәкірімнің сөзімен айтқанда «бас көзімен емес, ақыл көзімен» аңдап қарау әдісі арқылы ғана толыққанды танып білуге болады. Ондай жағдайда шығармадағы тақырыптық сарын, идеялық өзектіліктің екпіні мүлдем басқа мәселеге ауып кетеді. «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен» (Абай, 2017: 138) деп басталатын отыз тоғызыншы қара сөз халқымыздың қоғамдық ой-сана, ұлттық дүниетаным, азаматтық позициясының ядросы болып табылатын өзекжарды құндылық – намыстың деградацияға ұшырауы заманның саяси-әлеуметтік факторының салдары. Намыс – қазақ қоғамының біртұтастығы мен беріктігінің серпінді күші болған. Ал енді сол рухани діңгектің талқандалуы ұлттық колориттегі *ел басы, топ басы* категориясындағы тұлғалардың билік сахнасынан шеттетілу әдісімен жүзеге асырылды. «...ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемің деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамың деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?» дегенде халық пен билеуші топ өкілдері арасындағы ажырамас бірліктің тегеуріні – қазақтың дәстүрлі дүниетанымының негізінде бекіп қалыптасқан ұлттық сана екендігін аңғармау мүмкін емес. Бұл деген билік жүйесіне лайықты тұлғаның туа бітті кесек болмысымен, әділдігімен, іскерлігі, шешендігі, көсемдігімен, батылдық, табандылық, өжеттігімен, ең бастысы ар мен намыстың құнын ардақтай білетін азаматтық кредосымен табиғи түрде сұрыпталып отыратын дала заңының демократиялық сипатын айқындайды.

Міне сондай табиғи түрде реттеліп келген ұлттық модельдегі билік жүйесі XIX ғасырдағы отаршыл патша үкіметі ендірген заң-ережелердің күшімен ресми түрде талқандалды. Патшалық үкімет ендірген жаңа жүйе – болыстық билік сайлау арқылы жүргізілді. Енді сол сайлау тәртібінің жайы жиырма екінші қара сөзде: «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ... Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан (болыс – Ә.Т) әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін,



адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді» (Абай, 2017) деп көрініс табады. Түпкі ниет-қалауы қазақты ұлттық қалып, ұлттық сана, ұлттық менталитетінен айырып, қол астындағы «өндіріс құралы» етуді көздеген отарлаушы патша үкіметі ендірген жабайы сайлаудың салдары осындай нәтиже берді. Әлбетте, бара-бара халықтың ой-санасын тегіс улап, бойын меңдеген тіленшілік психологиясының пайдасын патшалық әкімшілік көрді, ал зардабын шеккен қазақ болды.

Ең сорақысы болыстық сайлау қазақ қоғамында бұрын-соңды болып көрмеген қоғамдық дерт түрлеріне жол ашып берді. Атап айтқанда біреудің үстінен арыз-шағым ұйымдастырып, болмашы нәрсе үшін әкімшілік ұйымдарға жүгіну, біреуге нақақ жала жабу, жаппай жемқорлық пен пара қазақтың қадірін кетіріп, қасиетін қашырды. Бұрынғы «Малым жанымның, жаным арымның садағасы» дейтін текті қазақ енді сол асыл қырын жоғалтты. Болыстыққа талпынған кандидат ең алдымен патшалық әкімшілікте отырған уездной начальниктерге, сосын дауыс сатып алу үшін қарапайым халықты паралап жүріп сайлауда дауыс жинауға машықтанды. Сол «көппен дүрмекке» елірген тобырлық сана партияшыл болып алды. Бірімен-бірі аңдысқан ел моральдық жағынан да, рухани жағынан да жан-жақты күйреп, азғындыққа ұрынды. Тағы да сол Абай ақылманымыздың үшінші қара сөзде айтқанындай, бұл «Болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейтін» (Бәкір, 2008) болып билік пен халықтың арасы қақ жарылды. «Алтау ала болса ауыздағы кетедінің» (Бәкір, 2008) кері еді. Сөйтіп, сырт күш, жат пиғылдың ықпалымен буыны босаған береке күн өткен сайын сетінеп, селдірей түсті. Абай айтады: Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлашылығынан жетерсің» деген сөз. Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп, елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды? (Абай, 2017).

Міне осындай болыстық жүйеге байланысты сөз саптауларымен Абай би-болыстарды емес, керісінше оларды осындай мүшкіл машық, дәнменсіз күйге мәжбүрлеген жүйені сын тезіне алды.

Жоғарыда аталған өлеңіндегі «Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел?» деген риторикалық пафос отаршылдық ойранымен сабақтастықтағы өткеніміздің өшпес табы. Сөз орайына қарай «риторикалық пафос» дегеннің мағынасын түсіндіре кетсек те артық етпейді. Бұл деген жауабы өздігінен-ақ мәлім, яғни түйінін тарқатпаса да түсінікті нәрсенің сұраулы сөйлем формасында өрілуі. Сондағы автордың көздегені өлеңдегі өзекті ойдың әсерін арттырып, бояуын қанықтыра түсу. Сондықтан да риторикалық пафостағы сұраудың жауабында екіұштылық, шүбәлану болмайды, тіпті көзі қарақты оқырман оны іштей сезіп, біліп отырады.

Отаршыл үкіметтің өктемдігімен «қанталапайға» тап болған қазақтың дәстүрлі билік жүйесінен ажыратылуы кодтық негіздегі ұлттық тамырына балта шапқанмен бірдей еді. Бұл трагедияның жай-жапсарын ғылыми негізді дереккөздер желісімен толыққанды түрде ашып көрсеткен еңбектің авторы белгілі абайтанушы-ғалым Мекемтас Мырзахметұлы. Патшалық үкіметтің қазақ ұлтына қарасты империалистік-шовинистік саясатын жалғастыра дамытқан Кеңес үкіметі тұсында ашық айтып, тереңінен қопара талдауға тиым салынған бұл тақырыпқа профессор М. Мырзахметұлы батылдық танытты. Сондай-ақ белгілі қаламгер Әбіш Кекілбаев: «Қазақ даласы дәстүрлі мемлекеттік сипатынан айырылды, басқа топырақта қалыптасқан бюрократтық билеу жүйесі күшпен телінді. Елден гөрі өз басын, ұлттан гөрі ағайынын көбірек қамтып, ақылдан гөрі айла-шарғыны көбірек малданатын пысықайлардың «партияшыл»,

«топшыл» күресі етек жайды. Ру-ру болып, ата-ата болып, билікке таласу да содан шықты», (Байғалиев, 1997) – деп баяндайды. Ақселеу Сейдімбеков «Осыдан кейін, кім оязға пара берсе, майлы қасықтай жылтылдаған жағымпаз болса, соның айы оңынан туатын болды» (Тарақты, 1995) деп сипаттады. 1914 жылы «Айқап» журналының 13-санында жарияланған, II Екатерина патшайымның қолы қойылған «Қазақ жерін отарлау жоспары» жайлы құпия жарғыда: «Қазақтың ру басылары мен сұлтандарын бірімен-бірімен араз қылып, бірімен-бірімен иттей таластырып, бірінің етін бірін жейтіндей іс қылу керек. Ол үшін атам заманнан қалыптасқан хандық билікті алып тастау арқылы, қара қазақтың билікқұмар нәпсісін оятып, арасына от тастап, быт-шыт ету керек», (Қойгелдиев, 1995) – деген нұсқау берілді. Осы орайда «Қой басқарған арыстан тобынан, арыстан басқарған қой тобы артық» деген Бауыржан Момышұлының сөзі ойға оралады. Бір ауыз ғана қысқа да нұсқа сөз жүлгесінде ел іші, қауымдық орта, жалпы көпшілікті басқарудағы көшбасшы, лидерлердің күллі қоғамның ілгері дамуындағы, жалпы елдік, ұлттық мәселелердегі рөлі айқындалып тұр. «Абай поэзиясы метафораға бай, Умберто Эко өз еңбегінде семиозисте метафора негізгі аспект болып табылады» деген болатын.

Енді осы мәселенің байыбын тағы да Абай мұрасының көркемдік кеңістігінен ізерлеп көрейік. Қай тақырыпта сөз саптаса да өзекті ойдың өрімін өзара қарама қарсылықты ұғымдармен салғастыра ширату Абай поэтизмінің өзіне тән өрнегі. Мысалы: «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң әрқаландағы» – болу мен болмау, «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбаттағы» – арзан мен қымбат, «Өлсе өлер табиғат, адам өлместегі» – өлер мен өлмес т.б қарама-қарсылықты мәндегі ұғымдардың сабақтастығында ой өрбіту Абай өнерпаздығының өзгеше бітімін байқатады. Осы әдіспен «Берекелі болса ел» мен «Берекесі кеткен ел» деген антипод ұғымдардың арқауластығында бедерленген «единица» – ел басқару ісіндегі идеал бейне. «Абай поэзиясындағы адам- ең негізгі тақырып. Толық адам өзіне сенімді, жақсылық пен кісілікке ұмтылады» – деп көрсетті (Оралбекова, 2024).

Алдымен

Берекелі болса ел –

Жағасы жайлау ол бір көл.

Жапырағы жайқалып,

Бұлғақтайды соқса жел.

Жан-жағынан күркіреп

Құйып жатса аққан сел,

Оның малы өзгеден

Өзгеше боп өсер тел – деп сипатталған «берекелі елдіктің» картинасындағы басты қаһарманның образын:

Единица – жақсысы,

Ерген елі бейне нөл.

Единица нөлсіз-ақ,

Өз басындық болар сол.

Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл?

Берекеңді қашырма,

Ел тыныш болса, жақсы сол.

Рас сөзге таласып,

Ақжем болма, жаным, кел! – деп единица мен нольдің арақатынасында айшықталады.

Ал «единицасыз өңшең нөлдің» жайы:

Берекесі кеткен ел –

Суы ашыған батпақ көл.

Құс қаңқылдап, жағалап,

Сулай алмас жазғы төл.

Оның суын ішкен мал  
 Тышқақ тиіп, аспас бел.  
 Көл деп оны кім жайлар,

Суы құрсын, ол бір – шөл – деген образда суреттеледі. Абай осы өз тұсындағы «единицаның» бет пердесін кигендердің тарих сахнасындағы «дәурені» дүркіреген тұсты көзімен көріп, басынан өткерді. Халқының басындағы осындай қасіретті күйден дерттенген Абай «Қалың елім қазағым қайран жұртым» өлеңіндегі қазақтың өз билігі өзіндегі, жері, суы, нуы дегендердің барлығы жайқалып тұрған – «Қалың елдік» қалыбын аңсады. Сол кезіндегі қарқаралы елдік санаттың «қайран жұрт» күйіне құлдырауының себебі Абайдың «Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деген сөзінде тұр. Өлең жолында поэтикалық үлгідегі сөз образында қолданылған ұстара – сол тарихтың күресініне ұшыраған, бір өзі мыңға татитын қазақтың «единица жақсылары». Болыстық басқару жүйесі арқылы қазақтың топты бастаған серкелерінің орны «Бас басына би болған өңкей қиқыммен» алмастырылды. Олардың портреті:

«Болыс болдым мінекей,  
 Бар малымды шығындап.  
 Түйеде қом, атта жал,  
 Қалмады елге тығындап.  
 Сүйтсе дағы елімді,  
 Ұстай алмадым мығымдап.  
 Күштілерім сөз айтса,  
 Бас изеймін шыбындап.  
 Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
 Шала ұғамын қырындап.  
 Сияз бар десе жүрегім,  
 Орнықпайды суылдап.  
 Сыртқыларға сыр бермей,  
 Құр күлемін жымындап» деген өлең жолдарында тұр.

Билік қызметте ақыл-парасатымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен елді айрандай ұйыта білген бітімі бөлек – бірегейлердің орнын қайдағы жоқ кездейсоқ біреулер басқан кері процесс сол өз заманының шеңберінде шектеліп қалған жоқ. Қалың қазақты озбырлықпен басып жаншыған тақ иегері құлағанымен, мұрагерлік миссия жалғасын тапты. Сондағысы совет дәуіріндегі билік өкілдерінің қазақтың бойын жаулаған жат қылық, жасанды мінездің мінберінен танылуы. Соның бір нанымды дәлелі – еліміздегі билік басындағы лауазымды ортада айнымас культке айналған «тілдік тәуелділік психологиясының» бастауында да болыстық билік дәуірінің әсері сіресіп тұр. Мәселен XIX ғасырдағы болыстық билік талаптарының уақыт өткен сайын күшейіп, күрделене түскендігі тарихи деректерден белгілі. Соның бірі – ауылнайларға орыс тілін білу туралы талап қойылды. Семей облысының әскери-губернаторы болған Тройницкий дегеннің 1910 жылы жазылған қызметтік есебінде: «...Болыс сайлауына қатысушы үміткерлер ауызекі орыс тілін білгені дұрыс, орыс тілін білмейтіндерді бұл қызметке бекітпеймін деген талап қойдым. Екі ғасыр бойы Орыс державасының құзырында болған қырғыз (қазақ) елінің биліктегі өкілдері орыс тілін білмеуіне қалай да жол бермеу керек. ... Осы қолданған шара нәтижелі болды, қазір болыстық управительдер орысша сөйлесе алады, келесі сайлауда ауыл старшындарына осындай талап қойылатын болады», (Қойгелдиев, 1995: 65) деп жазылған екен. Осы талап генерал-губернаторға қарасты барлық уездерде кеңінен қолданысқа асырылды. Оған мына бір Қарқаралы уезіне қарасты Сарыбұлақ болысына жіберілген құжаттағы: «Семей губернаторының биылғы жылғы (1912) 6 шілдеде шыққан №11483 жарлығына сәйкес мынаны хабарлаймын: Дала генерал-губернаторы мырза жұрт арасында орыс тілін тарату мақсатында, орыс тілін білуді

болыстық управительдер ғана емес, ауылдық старшындардан да талап етіледі. Бұдан былай қызметке орыс тілін білгендер ғана сайланады» №2-уческе крестьян начальнигі Афлеров» (Қойгелдиев, 1995: 74).

Жоғарыдағы оқиға жайлы «Қазақ» газеті 1913 жылғы №15 санында: «Қазақтың қайбір сайлауында орысша білмейтін кісі болыс болмайды деп бұрынғы болыс болып жүрген қадірлі кісілерді жолда қалдырды...» (Қойгелдиев, 1995: 77) деп Әлихан Бөкейханов ашына жазады. Осылай болыстық сайлау арқылы жүргізілген отарлау саясатының ең Оның сыртында, кешікпей болыс пен ауылнайларға орыс тілін білу туралы талап қойылды. Семей облысының әскери-губернаторы Тройницкий 1910 жылы жазған қызметтік есебінде: «...Болыс сайлауына қатысушы үміткерлер ауызекі орыс тілін білгені дұрыс, орыс тілін білмейтіндерді бұл қызметке бекітпеймін деген талап қойдым. Екі ғасыр бойы Орыс державасының құзырында болған қырғыз (қазақ) елінің биліктегі өкілдері орыс тілін білмеуіне қалай да жол бермеу керек. ...Осы қолданған шара нәтижелі болды, қазір болыстық управительдер орысша сөйлесе алады, келесі сайлауда ауыл старшындарына осындай талап қойылатын болады», – депті. Бұл үрдіс генерал-губернаторға қарасты барлық уездерге қолданылады. Оған мына бір Қарқаралы уезіне қарасты Сарыбұлақ болысына жіберілген құжат куә. Онда: «Семей губернаторының биылғы жылғы (1912) 6 шілдеде шыққан №11483 жарлығына сәйкес мынаны хабарлаймын: Дала генерал-губернаторы мырза жұрт арасында орыс тілін тарату мақсатында, орыс тілін білуді болыстық управительдер ғана емес, ауылдық старшындардан да талап етіледі. Бұдан былай қызметке орыс тілін білгендер ғана сайланады» (Қойгелдиев, 1995: 82).

Билік қызметіндегі лауазымды тұлғаларға қойылған патшалық әкімшіліктің сол талабы Кеңектік билік тұсында да қалтқысыз жүзеге асырылып отырғандығы мәлім. Десек те, құрығы қаншалықты ұзын, қаһары бет қаратпасай сұсты болғандығына қарамастан қазақтың қайсар рухты, қайраткер тұлғалары осы ата тілді орыс тілінің тасасында қалдырған билік басындағыларға мін пікірлерін білдіріп отырғандығы шындық. «Социалистік Қазақстан» газетін оқып отырып, тіл шұбарлығын байқаған. Артынша 15-25.02.1944 ж. Алматы қаласы Қасақ ССР Коммунистік партиясының хатшысы М.Әбдіхалықовқа хат жазады. Онда «Тілсізді айуан дейді. Тілі кедей елді мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды» – дейді (Момышұлы, 2011: 250). Енді бірде қызметкер әйел Сахарова келіп, – Бауыржан, почему вы пишете по казахски? – деп таңала сұрақ қойды. – Вы меня удивляете, Нина Александровна, почему я не должен писать по казахский на родном языке? – дедім мен. – Ведь многие казахи не пишут и не разговаривают, потому что не выразишь свои мысли – то что хочешь сказать не скажешь... До того говорят, Ваш язык бедный.. – деп түйеден түскендей, ұялмай-қызармай айтып отыр... Не дерсің, сөзі өңменімнен өтіп кетті (Момышұлы, 2011: 255). Абай заманында басталған отарлаумен келген туған тілден алыстату идеясы Бауыржан заманында да қылышын аямай сермеп тұрды. Бауыржанның туған тіліне жанашырлығы ғана емес, жастардың Отанын сүйер қайратты, қайсар болуын, Абай айтқан толық адам концепциясының жалғасы әділетті, шынайы, алғыр, намысшыл, қолынан келсе, көмек берер, жүрегі таза азаматтарды, тұлғаларды тәрбиелеу мәселесі күн тәртібінен түспеді. Бейбіт күнде де әділеттің ақ туын көтеріп, өзін батырмын деп санамады. Өзінің Отанын қорғаудағы міндеі, парызы деп ұғынды. Аудан, облыс көлемінде де қазақ тілі мәселесіне көңіл бөлді. Сарыағашта демалып жатқанда, Ташкенттен бір топ ғалымдар, ішінде М. Мырзахметұлы бар, Бауыржанды студенттермен кездесуге алып барады. Сонда студенттің «Қазақ тілінің жай-күйі туралы сұрағына: Қара тал бар, оны қанша кессең де, бұталасаң да, өлмейді, өйткені тамыры бар, содан өніп шығады. Қазақ тілі де қазақ бар болса, ешқашан өлмейді» – дейді (Момышұлы, 2011: 259). Б. Момышұлының тағы бір елге арнаған хаттарында көтерілген мәселе – ұлттық салт-дәстүрден тарайтын жауынгерлікке тәрбиелейтін ұлттық ойындардың ұмытылып бара жатқандығы туралы



Қазақстан Орталық Комитетінің хатшысы Н. Оңдасыновқа хат жазған болатын. Онда қазақ жігіттерінің атқа отыра алмайтын ебедейсіз екендігі, мергендікке баулитын асық, шілік ойындары мен бәйге, аударыспақ ұлттық ойындарын жаңғырту туралы хатын жазған болатын. Ал 1944 жылы елге келгенде Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші Хатшысы Н.А. Скворцовқа кіріп елдегі жастар тәрбиесіне не жетпейтінін санамалап айтып береді: «Көкпар, сайыс, палуан күрес, қыз қуу, бәйге, айтыс, тоғызқұмалақ жатады. Бұлардың бәрі біздің жігіттерді батыр, ержүрек, тапқыр, епті етті. Меніңше, бұл дәстүрді дамыту керек. Ал сіздер тыйым салып отырсыздар. Бұл үлкен қателік, тіпті қаскөйлік!» (Қалдыбаев, 2004: 69) – деді.

Бүгінгі күні Б. Момышұлы шығармаларын мектепте оқыту, балаларға патриоттық дәнін себер еді (Демир және басқалар, 2024). Расында да өскелең ұрпаққа батырлық үлгісін көрсеткен аға буын өкілдерін оқытуға сағатты көбірек бөлсе немесе қосымша сабақ түрінде өтілсе деген ой бәріміздің көкейімізде тұр. Ал Абай шығармаларын оқыта отырып, ұлттық біргеілікпен оқушылардың аналитикалық қабілеті дамиды (Мадиева және басқалар, 2025). Міне өткен ғасырда Б. Момышұлының елге хат жазып, жас ұрпаққа әскери даярлық, жан-жақты дамыған тұлға қажет екендігін айтқандығы әлі күнге шешімін оңтайлы таба алмай келеді.

### Қорытынды

Қорыта келе, Абай да Бауыржан да өз ғасырында халқының қамын жеп, қайтсем озық ойлы елге қатарына тартамын деп кетті. Ақын шығармашылығындағы адамды бағалау мәселесі Бауыржанда да жалғасын тапты. Соғыста әрбір жауынгер өлімге емес, өмір сүруге аттанады. Жауынгер елін қорғап, абырой мен намысты қамшылай түседі. Ал Абай заманында ел билеу саясаты өзгеріп, қазақ бұрын-соңды болмаған сайлау алаңына айналды. XIX ғасыр қазақ халқы үшін тектіліктен айырудың бір түрі ел билеу саясатын өзгерту болды. Басшысынан айырылған ел қайда барады? Абай өлеңінде тұжырымдалатын единицалар, ел басқарушы, топ басылар жойылды. Ел басқарудың бөліп ал да билей бер саясатынан туған итке сүйек тастағандай қырқыстырып қойған заманы келді. Сол заманда туған ұлдарымыз жанайқайын шығармашылық дүниесімен жеткізді. Сол заманды іле, алаш азаматтары ел болу үшін қажет алғышарттарды орындады. Жерімізді, суымызды бөліп берді. Мемлекеттің іргетасын нығайта түсті. Атадан тараған жауынгерлік пен намысшылдықтың туын көтерген ұлдарымыз дүниеге келді. Кешегі сұм соғыста елін, жерін, азаматтық парызымен қорғап, абыроймен қазақ елінің атын аспанға көтерді. Батырлығын бермесе де, өзін азаматпын деп санап Бауыржандай қас тұлғалар өмірден өтті. Бүгінгі күні елін, жерін қорғайтын тұлғаларды қалыптастыру – екі асылдың да арманы болатын. Қазіргі мәселе – ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын, батырлық рухтағы ұлдарды тәрбиелеу, ана тілін ұмытпау, салт-дәстүрімізді сақтау, халқын өрге сүйрейтін тұлғаларды қалыптастыру мәселелері кезек күттірмес міндет.

### Әдебиеттер тізімі

- Байғалиев, Б. (1997). *Абай өмірбаяны архив деректерінде*. Алматы: Атамұра.
- Бәкір, Ә. (2008, 23-қыркүйек). Қазақ даласына болыстық билік жүйесінің орнауы. *Егемен Қазақстан*.
- Қадыржан, Ә. (1994). *Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен*. Алматы: Қазақстан.
- Қалдыбаев, М. (2004). *Атақ пен шатақ*. Алматы: Қайнар.
- Құнанбаев, А. (1995). *Қалың елім қазағым*. Алматы: Санат.

- Мәмбет, Қ. (1995). *Алаш қозғалысы*. Алматы: Санат.
- Көпеев, М.Ж. (2006). *Қазақ тарихы. Шығармалары* (8-том). Павлодар.
- Момынкұл, Б. (2024, 23-декабрь). *Детская наивная просьба и жизнь без лжи. Знамя труда*. <https://ztgzt.kz/81895/otcovskiy-urok-chestnosti>
- Момышұлы, Б. (2011). (Құраст. Н. Қ. Қосаева). *Шығармалары*. Алматы: Орталық кітапхана.
- Тарақты, А. (1995). *Көшпелілер тарихы*. Алматы: Атамұра-Қазақстан.
- Demir, A., Sadykova, A., & Kahkinbay, S. (2024). The use of mobile learning in patriotic education through the heroic image of Baurzhan Momshuly in history lessons at school. *Педагогический Вестник Казахстана*, 2(75), 20–35. <https://doi.org/10.52301/1991-0614-2024-2-20-35>
- Kazhymurat, A., Aubakir, Zh., & Askarova, A. (2024). Abaiin Alash heritage. *Critical Survey*, 36, 87–100. <https://doi.org/10.3167/cs.2024.360408>
- Khasanova, R., & Sarkulova, M. (2024). Abai's poetry in Eco's semiotic light. *Chinese Semiotic Studies*, 20, 327–355. <https://doi.org/10.1515/css-2024-2016>
- Madiyeva, G., Pirmanova, K., Serikbayeva, A., Nurlybayev, N., Tokmyrzaev, D., Nadiyeva, A., & Yegizbaeva, Z. (2025). Problems of using the poetic corpus of Abay for pedagogical purposes and ways to solve it. *Journal of Education*, 4(1), 184–196. <https://doi.org/10.62754/joe.v4i1.5963>
- Oralbekova, K., Kurmanbayeva, Sh., Kairbayeva, K., Kelgembayeva, B., & Sabyrbayeva, R. (2024). Abai's legacy as a fundament of the art of speech. *Scientific Herald of Uzhhorod University. Series: Physics*, 55, 819–828. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.81tv9>
- Yessimkulova, S. (2022). Language personality of Bauyrzhan Momyshuly as a phenomenon: National character and military-patriotic views. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series*, 4(141), 184–196. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-184-195>

## References

- Abuov, Q. (1994). *Qazaqstan tarihyynyn «aqtañdaq» betterinen* [From the pages of the history of Kazakhstan «white spots»]. Almaty: Qazaqstan. (In Kazakh)
- Demir, A., Sadykova, A., & Kahkinbay, S. (2024). The use of mobile learning in patriotic education through the heroic image of Baurzhan Momshuly in history lessons at school. *Педагогический Вестник Казахстана*, 2(75), 20–35. <https://doi.org/10.52301/1991-0614-2024-2-20-35>
- Kazhymurat, A., Aubakir, Zh., & Askarova, A. (2024). Abaiin Alash heritage. *Critical Survey*, 36, 87–100. <https://doi.org/10.3167/cs.2024.360408>
- Khasanova, R., & Sarkulova, M. (2024). Abai's poetry in Eco's semiotic light. *Chinese Semiotic Studies*, 20, 327–355. <https://doi.org/10.1515/css-2024-2016>
- Koipeev, M. Zh. (2006). *Qazaq tarihy. Shygarmalary*. 8-tom [Kazakh history. Works. Volume 8]. Pavlodar. (In Kazakh)
- Madiyeva, G., Pirmanova, K., Serikbayeva, A., Nurlybayev, N., Tokmyrzaev, D., Nadiyeva, A., & Yegizbaeva, Z. (2025). Problems of using the poetic corpus of Abay for pedagogical purposes and ways to solve it. *Journal of Education*, 4(141), 184–196. <https://doi.org/10.62754/joe.v4i1.5963>
- Mambet, Q. (1995). *Alash qozqalysy* [Alash movement]. Almaty: Sanat. (In Kazakh)
- Momyshuly, B. (2011). (N. Q. Qosaeva, Comp.) *Shygarmalary*. Almaty: Ortalyq kitaphana. (In Kazakh)
- Qaldybaev, M. (2004). *Ataq pen shataq* [Fame and confusion]. Almaty: Qainar. (In Kazakh)
- Qunanbaev, A. (1995). *Qalyn elim qazagym* [My vast people, my Kazakhs]. Almaty: Sanat.

(In Kazakh)

Taraqty, A. (1995). *Koshpeliler tarihy* [History of nomads]. Almaty: Atamura-Qazaqstan. (In Kazakh)

Vaigaliev, B. (1997). *Abai omirbaiany arhiv derekterinde* [Abay's biography in the archive data]. Almaty: Atamura. (In Kazakh)

Yessimkulova, S. (2022). Language personality of Bauyrzhan Momyshuly as a phenomenon: National character and military-patriotic views. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series*, 4(141), 184–196. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-184-195>

Bakir, A. (2008, September 23). Qazaq dalasynda bolystyq bilik zhujesinin ornauy [Establishment of the volost system of power in the Kazakh steppe]. *Egemen Qazaqstan*. (In Kazakh)

Momunqul, B. (2024, December 23). *Detskaia naivnaia pros'ba i zhizn' bez lzhi* [A childish naive request and a life without lies]. *Znamia truda*. <https://ztgzt.kz/81895/otcovskiy-urok-chestnosti> (In Russian)

**A.A. Tuymebekova**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

*(E-mail: atuymebekova@mail.ru)*

### **Abai and Bauyrzhan: Two Aspects of National Identity – Wisdom and Valor**

**Abstract.** The continuity between the two personalities, Abai who shone in the beacon of Kazakh spirituality and B. Momyshuly who radiated from that light was investigated. The people who took their place in the sphere of critical thinking of the Kazakh world were recognized as linguistic figures of their nation in terms of understanding the world. Abai gave a tasteful critical assessment of the Kazakh worldview until the XIX century. B. Momyshuly considered the critical opinions that began with Abai from a national perspective. He critically looked at the Kazakh character and nature described by Abai. His thoughts are in line with Abai's thoughts on correcting character, bowing to justice, and loving humanity.

Batyr, the hero who witnessed and experienced the Great War in the XX century, was characterized as a linguistic figure who integrated the metaphorical, expressive, and figurative meaning of the words developed by Abai in forming the linguistic image of the world.

Abay's teachings, the origin of morality and goodness, the assessment of human deeds and actions, and his views on the place of an individual, attracted the citizens of Alash, who began to study various fields of knowledge and science.

B. Momyshuly also wrote a letter to the country about an individual and his life in war, the future of the Kazakh nation, and had the idea of equipping a private army for the independence of the state. The emergence of this idea was opposed by the citizens of his country in power, and Batyr's opposition in peacetime after the war was realized through his creativity.

In order to raise the idea of the citizens of Alash that the foundations of the state need to have a private army, he spoke about the education of youth, despite the harsh realities of the time. He called the youth to be brave and educated in order to protect their country. In war, he proved that he, as a commander, was responsible for the life of every soldier in terms of honor, duty and obligation. From this, the concept of «heroism», which our people have been fighting for centuries, was revived. He knew that a person he knew Abai was an invaluable asset. He studied the heroic qualities of an individual in war. From the Kazakh words, he made a creative world that leads to thoughtful, insightful wisdom.

**Keywords:** personality, point of view, person, heroism, kindness, justice, government, military

**А.А. Туймебекова**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан  
(E-mail: atuymebekova@mail.ru)*

### **Абай и Бауыржан: два аспекта национального духа – мудрость и доблесть**

**Аннотация.** В духовной сокровищнице казахского народа, где один светоч сияет ярким светом, а другой становится продолжением этого света, рассматривается преемственность между Абаем и Бауыржаном Момышулы. Эти личности, занявшие достойное место в системе критического мышления казахского мира, были признаны языковыми личностями своей нации с точки зрения познания мира. Абай дал критическую оценку мировоззрению казахов до XIX века. Бауыржан Момышулы продолжил критические идеи Абая с национальной позиции. Абай с точки зрения критики смотрел на казахский характер и сущность. Его мысли созвучны идеям Абая о нравственном воспитании, следовании справедливости и любви к человечеству. Батыр, ставший свидетелем разрушительной войны XX века и переживший её всем своим сознанием, был признан языковой личностью, объединяющей метафорическое, экспрессивное и образное значение слов, восходящих к Абаю, в формировании языковой картины мира.

Учение Абая, ставшее источником гуманизма и добродетели, оценка поступков человека, размышления о его месте в жизни, вызвали интерес у деятелей Алаш, что стало началом исследований в разных областях знаний. Бауыржан Момышулы, размышляя на войне о человеке, его жизни и будущем казахского народа, писал письма народу, выражая идею о необходимости подготовки национальных военных подразделений ради независимости страны. После войны, из-за противодействия власти этой идее, Батыр выразил своё несогласие через творчество. Несмотря на суровые условия времени, он открыто высказывался о воспитании молодёжи в духе патриотизма и необходимости сильной армии как основы государства – идеи, поддерживаемой деятелями Алаш. Он призывал воспитывать молодёжь в духе героизма и защиты Родины. Как командир на войне он доказывал, что несёт ответственность за жизнь каждого солдата, рассматривая это с точки зрения чести, долга и совести. Так ожила концепция «героизма», ставшая символом казахского народа на протяжении веков. Абай считал человека бесценным богатством. Б. Момышулы исследовал героические качества личности на войне. Он создал творческий мир, ведущий от казахского слова к мудрости и поэтичности.

**Ключевые слова:** личность, взгляд, человек, героизм, добродетель, честность, государство, армия

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Туймебекова А.А.** – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9642-4048>

#### **Information about authors:**

**Tuymebekova A.A.** – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9642-4048>

#### **Сведения об авторах:**

**Туймебекова А.А.** – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9642-4048>